

» GOV.KZ

Заң және тәртіп: Қарағанды облысының жастары есірткіге тәуелділік қатерін талқылады



Қарағанды облысында жастармен жұмыстағы басты бағыттардың бірі – есірткіге қарсы профилактика. Мақсат – жастар арасында зиянды әдеттерге қарсы иммунитет қалыптастырып, салауатты өмір салтының құндылықтарын дарыту. Облыстың әр өңірінде білім беру және түсіндіру шаралары – кездесулер, дебаттар мен форумдар ұйымдастырылды.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде есірткімен күрес мәселелеріне арналған кездесу өтті. Іс-шараны Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығы мен облыстық полиция департаменті ұйымдастырды. Кездесуге студенттер, құқық қорғау органдарының өкілдері мен заң саласының сарапшылары қатысты.

Басты тақырып – синтетикалық есірткінің жаңа түрлері және олардың жастарға тигізетін қауіпті әсері болды. Спикерлер есірткіні таратудың қазіргі әдістері туралы, соның ішінде мессенджерлер мен әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асатыны жөнінде егжей-тегжейлі баяндады. Сондай-ақ қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік мәселелеріне, психобелсенді заттардың денсаулық пен болашақ өмірге келтіретін зиянына ерекше назар аударылды.

— Маңыздысы – жастар есірткіге тәуелділікті тек жеке трагедия емес, қылмыс ретінде де түсінуі керек, — деді полиция майоры Нұрым Сәдуақасов. — Біз студенттерге қауіпті қалай анықтау және көмекке қайда жүгіну керектігін түсіндіреміз.

Сонымен қатар интернеттегі жұмыс туралы хабарландыру түрінде жасырын жарнама беретін есірткі таратушылардың айналасы да сөз болды. Студенттерге күмәнді ұсыныстарға тап болған жағдайда қандай әрекет жасау қажеттігі түсіндірілді.

Шахтинск технологиялық колледжінде өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы дебаттарда адалдық пен

әділдік мәселелерімен қатар, есірткінің құқық бұзушылықтың бір түрі ретіндегі теріс ықпалы да талқыланды. Бұл пікірталас алаңы жастарға әлеуметтік қатерлер жайлы ашық айтуға мүмкіндік берді.

Талқылауға студенттермен бірге ішкі саясат бөлімі мен жастар ұйымдарының өкілдері де қатысты.

Бұқар жырау ауданында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес — жастар таңдауы» атты құқықтық форум өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты — антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру болса да, құқық бұзушылықтардың, соның ішінде есірткіні қолдану мен тарату мәселелері де назардан тыс қалмады.

Форумда Мемлекеттік басқару академиясының өкілдері, заңгерлер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері сөз сөйледі. Жастар белсенділік танытып, өзекті сұрақтарын қойды.

Іс-шара ұйымдастырушыларының айтуынша, есірткіге қарсы профилактика — бір реттік шара емес, үздіксіз жүргізілуі тиіс үдеріс. Ол ашық диалогты, сенімді және барлық тараптың белсенді қатысуын қажет етеді.

» TENGRIKNEWS.KZ

В Сарани запустят современный завод по выпуску труб: что известно

В городе Сарань в Карагандинской области завершается строительство нового трубного завода. Это первое в Казахстане производство подобного уровня, которое уже готово к пуско-наладочным работам. По словам руководства, запуск предприятия позволит сократить зависимость страны от импорта труб и укрепить позиции отечественной промышленности как на внутреннем, так и на внешних рынках.

А пока завод готовится к выпуску первой продукции, здесь уже идет масштабный набор сотрудников. Новому предприятию нужны не только технологи и инженеры по оборудованию, операторы линий и контролеры качества, но и специалисты по логистике, сбыту и другим направлениям. Всего планируется создать сотни новых рабочих мест. Политика Президента страны, направленная на поддержку бизнеса и предоставление гарантий для инвесторов, создает благоприятные условия для реализации таких масштабных проектов.

История человека, который рискнул История завода в Сарани неразрывно связана с его руководителем. Кайрат Бирманов родился в Оренбурге в семье, далекой от бизнеса и промышленности. После окончания университета устроился на трубный завод в России, начав свою трудовую деятельность менеджером по продажам, далее погружаясь в специфику отрасли.

"Ещё после окончания университета в Оренбурге я был твердо уверен, что хочу связать свою жизнь с Казах-

станом — своей исторической Родиной. Решение далось нелегко: нужно было оставить привычный круг друзей и коллег, фактически начать все заново. Но страха не было. Работая в России, я часто приезжал в Казахстан, видел, как растет Астана, как стремительно развивается инфраструктура. Это вселяло уверенность, что здесь можно реализовать и личные, и профессиональные цели", — вспоминает Бирманов.

В 2014 году он переехал в Астану, получил гражданство и стал представлять интересы группы компаний "ТЭМПО" — одного из крупнейших промышленных концернов России. Этот опыт помог лучше понять рынок и специфику долгосрочных партнерств в отрасли. Постепенно у Кайрата Аманкельдыевича появились собственные проекты, команда и профессиональные связи.

К 2023 году за его плечами было более восьми лет опыта в трубной сфере. Именно тогда появилась идея локализовать производство в Казахстане: большая часть продукции по-прежнему завозилась из России, хотя потребность в отечественных трубах становилась все очевиднее. Концепция была представлена партнерам из холдинга "ТЭМПО" и получила поддержку. В рамках визита в Карагандинскую область представители холдинга встретились с акимом региона Ермаганбетом Булекпаевым, и проект строительства в Сарани получил зеленый свет.

"Все начиналось с нуля, с идеи. Но



постепенно появлялись компетенции, команда, партнеры. Мы видели растущий спрос и понимали: зависимость от импорта тормозит отрасль. В какой-то момент я сказал себе: если не сейчас — то когда?" — говорит Бирманов.

Почему именно Сарань

Решение о строительстве завода в Сарани было взвешенным. Располагаясь в центральной части Казахстана, предоставляется возможность построить удобную логистику до узловых регионов, что для данной отрасли является одним из ключевых факторов, позволяющим сократить себестоимость продукции. Кроме того, рядом располагается крупнейшая сырьевая база — Qarmet, обеспечивающая не-

прерывную цепочку поставок.

Существенным фактором стала и поддержка местных властей.

"Аким Карагандинской области Ермаганбет Булекпаев и руководство индустриальной зоны сразу проявили заинтересованность. Нам предоставили электричество, газ, железнодорожные пути, площадку. Это ускорило строительство на месяцы, и за это мы очень благодарны", — говорит генеральный директор.

Не менее важна и кадровая база региона. Карагандинская область исторически промышленная, здесь много специалистов, знакомых с производственными процессами.

ПРОДОЛЖЕНИЕ НА САЙТЕ TENGRIKNEWS.KZ

» МІНДЕТ. ЕРЛІК. АБЫРОЙ

МАМАНДЫҚТЫ ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН ТАҢДАҒАН



19 қазан – Қазақстан Құтқарушыларының кәсіби мерекесі. Құтқарушылар – күннің ыстығы мен суығына қарамастан күн сайын адамдардың өмірін сақтап қалу үшін нар тәуекелге баратын жандар. Өрт, су тасқыны, жол апаты, төтенше жағдайлардың бәрінде бірінші болып көмекке келетін азаматтар. Бұл саланың әрбір қызметкері күнде басын қауіп-қатерге тіксе де, елдің тыныштығы мен халықтың амандығы үшін күреседі. Осындай батыр жандардың бірі – өз ісіне адал Саран қаласының №24 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау капитаны Тусупбаев Нұрбек Берекелұлы.

Нұрбек Берекелұлы 1996 жылы қазіргі Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте білім алып, 2005 жылы Қарағанды жоғары политехникалық колледжде, кейін 2009 жылы Қарағанды техникалық университетіне оқуға түскен. Сол аралықта Саран қаласындағы 44803 әскери бөліміне келісімшарт бойынша жұмысқа орналасты. 2012 жылы жүрек қалауымен №24 өрт сөндіру бөліміне қызметке тұрды. Ол бірнеше мәрте өз өмірін қауіпке тігіп, отқа оранған үйден адамдарды құтқарып қалған. Қызмет барысында талай сын сағаттарды басынан өткерсе де, бұл жолды таңдағанына ешқашан өкінбеген.

- Әрине, түтінге түншыққан, жалын шарпыған үйлерден адамдарды



аман алып шығу оңай емес. Отбасым, жақындарым жұмысқа барған сайын жүректерін шүберекке тиіп отарады. Қауіп-қатермен бетпе-бет келгендіктен талай рет жұмыстан шығарып алғысы да келген. Алайда өзім осы жұмысты таңдадым. Қазіргі уақытта, бұл лауазымда жүргеніме он бес жылдан асып кетті. Біздің жұмысымызда физикалық жағынан да, психологиялық тұрғыдан да мықты болу керек. Әр сәтте дұрыс шешім қабылдап, қауіпті жағдайларда сабыр сақтай білу – маңызды, -дейді Нұрбек Берекелұлы.

Құтқарушылар күн-түн демей кез келген апатты аймаққа, төтенше жағдайға сақадай сай дайын болуы тиіс. Күнде тұрғындардан әртүрлі шақыртуларды қабылдайды. Ағаштан мініп, түсе алмаған үй жануарларын алуға, құлыпталынып қалған есіктерді ашуға көмектеседі. Төтенше жағдайлар кезінде бірінші орында ел-жұртты қорғайды.



- 2015 жылы Көкпекті ауылын су басқан кезде сонда жұмыс жасадым. Ол кезде жетінші бөлімде жұмыс істедік. Бір апта бойы төтенше жағдаймен күрестік. Одан бөлек, осы уақыт аралығында қаншама үйлерді өрттен сөндірдік. Үйдің ішінде қалып қойған ересектер мен балаларды, үй жануарларына дейін аман-есен қауіпсіз жерге шығарамыз. Әр өрт болған сайын адамды іздеген кезде, әр үйге кірген бетте алдымыздан не күтіп тұрғанын білмейміз. Қою қара түтін арасында қалып қоюмыз мүмкін. Кез келген ойыққа түсіп кетуіміз де ықтимал. Бар ойымыз – адамды аман алып шығу. Біздің бөлімшеде 60 адам жұмыс істейді. Оның ішінде 12-сі екінші қарауылда. Әр қарауыл бөлінген. Әрбірі өз жұмысын жақсы білетін азаматтар, - деп сөзін жалғастырды азаматтық қорғау капитаны.

Осындай ер жүрек азаматтардың арқасында халқымыз өзін қауіпсіз сезіне алады. Олардың еңбегі әрдайым жоғары бағаланып, құрметке әбден лайық. «Бейбіт күннің батырлары» деп бекер айтылмаған.

- Биыл Төтенше жағдайлар

министрлігінің құрылғанына – 30 жыл. Бұрынғы кезбен қазіргі кезді салыстырсақ жер мен көктей. Бұрын техникаларымыз ескі, су құятын көлемдері екі жарым тоннадан аспаса, қазір бүкіл жерде жаңа техника тұр. Бес тонналық камаздарымыз бар. Су бітіп қалады деген қорқыныш бұрынғыдай жоқ. Өрт сөндірушіге арналған арнайы киімдеріміз жаңартылуда. Бұл үлкен жұмыстың еңбегі деп білеміз. Құтқарушыларға, әріптестеріме ең алдымен мықты денсаулық тілеймін. Осылай халыққа қызмет жасап жүре берейік. Мүлдем апаттар болмасын. Халқымыз тыныш, еліміз аман болсын, - деп тілегін білдірді Нұрбек Берекелұлы.

Төтеншеліктер әрдайым тұрғындарды сақтық шараларын қатаң сақтауға шақырады. Қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау - үлкен апатты болдырмайды.

Барша құтқарушылар мен сала ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, оларға зор денсаулық, отбасыларына амандық пен қызметтеріне сәттілік тілейміз.

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

» ЖИЛИЩНАЯ ИНСПЕКЦИЯ

ВАЖНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ

В соответствии с изменениями и дополнениями, внесенными в Закон Республики Казахстан о жилищных отношениях с 15 сентября текущего года согласно статье 47 собственникам многоквартирных жилых домов предписано выбирать одну из двух форм управления таким жильём: ОСИ и НСУ.

1. Объединение собственников имущества (ОСИ):

Данная форма управления создаётся в тех многоквартирных домах, где число квартир составляет 36 и более единиц. Данная форма приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации. Председатель ОСИ избирается советом дома сроком на три года. Открывается текущий и сберегательный счёт в банке.

ОСИ обеспечивает управление общедомовым имуществом многоквартирного дома, координируя взаимодействие собственников, решая вопросы содержания и эксплуатации здания, технического обслуживания коммуникаций и прочих аспектов жизнеобеспечения.

2. Непосредственное совместное управление (НСУ):

Этот вариант предусмотрен для небольших домов, где количество квартир составляет менее 36. Такая форма создаётся протокольным собранием собственников квартир, минуя необходимость создания

юридического лица и открытия текущего и сберегательного счетов. Владельцы совместно принимают решения касательно текущего содержания и ремонта общего имущества.

Реорганизация кооперативов собственников квартир (КСК):

Важным изменением является переход кооперативов собственников квартир (КСК) из статуса управляющих компаний в категорию субъектов управления. Ранее существовавшие КСК утрачивают право самостоятельного управления и становятся подрядчиками, предоставляющими услуги по управлению объектом кондоминиума (ст. 51-4). Субъекты управления объектом кондоминиума осуществляют деятельность по управлению объектом кондоминиума на основании договора с объединением собственников имущества в лице председателя или протокола собрания при выборе собственниками квартир, нежилых помещений формы управления объектом кондоминиума в виде непосредственного совместного управления (проектирован пункт 4 Статьи).

Теперь КСК выполняют роль специализированных сервисных предприятий, занимающихся техническим обслуживанием, ремонтом и содержанием зданий и сооружений. Их привлечение возможно исключительно на договорной основе



и в рамках оказания услуг по заданиям самих собственников.

Таким образом, изменения направлены на повышение прозрачности и эффективности управления многоквартирными домами, обеспечение прав граждан на достойные условия проживания и справедливое распределение обязанностей между всеми участниками процесса.

Отдельно следует отметить, что в домах, не имеющих никакой формы управления, жилищная инспекция имеет право назначить временную управляющую компанию.

Отбор временной компании будет проводиться на конкурсной основе из

числа не менее трех заявок, поданных потенциальными управляющими организациями. По итогам конкурса жилищная инспекция назначает временную управляющую компанию, которая берет на себя обязанности по управлению объектом кондоминиума.

Важной особенностью является временный характер такого назначения. Управляющая компания будет работать только до тех пор, пока собственники квартир и нежилых помещений не определятся с постоянной формой управления или субъектом, который возьмет на себя данные функции.

Б.Майпасова

Саран қаласы әкімінің «Қыран» жастар сыйлығын беру ережесі

1. Саран қаласы әкімінің «Қыран» жастар сыйлығы (бұдан әрі-сыйлық) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, қаланың жастар қозғалысын дамытуды ынталандыру мақсатында беріледі.

2. Сыйлық 14 – 35 жасқа дейінгі жас азаматтарға, жастар арасында танылған ғылыми, шығармашылық, кәсіби және қоғамдық қызметі үшін келесі номинациялар бойынша беріледі:

- 1) «Жылдың жас маманы»;
- 2) «Жылдың жас спортшысы»;
- 3) «Отан Қорғаушы»;
- 4) «Мемлекеттік тіл – болашағым» (өзге ұлт өкілдері үшін);
- 5) «Жылдың жас педагогі»;
- 6) «Өндірістің жас жұмысшысы»;
- 7) «Жылдың жас кәсіпкері»;
- 8) «Жас денсаулық сақтау қызметкері»;
- 9) «Сумен жабдықтау саласының жас маманы»;
- 10) «Жылумен жабдықтау саласының жас маманы».

3. Ақшалай сыйлықтың мөлшерін Саран қаласы әкімінің «Қыран» жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссия белгілейді.

Бұрынғы жылдардың лауреаттарын қайта ұсынуға жол берілмейді. Сондай-ақ, конкурс жеңімпаздарын іріктеу жөніндегі комиссия мүшелерімен жақын туыстық қатынастағы адамдардың қатысуына жол берілмейді, бұл конкурс процесінің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында жасалады. «Қыран» сыйлығына үміткер тек бір ғана номинация бойынша қатыса алады.

4. Конкурстық құжаттарды іріктеуді, қабылдауды, сыйлықты ұсыну туралы талқылауды және шешімдерді қабылдауды Саран қаласы әкімінің «Қыран» жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – комиссия) жүзеге асырады.

5. Сыйлыққа ие болған адамдарға «Саран қаласы әкімінің «Қыран» жастар сыйлығының лауреаты» атағы, диплом, ақшалай сыйлық, номинанттарға естелікке сыйлық беріледі.

6. Сыйлық салтанатты түрде табыс етіледі, марапаттау рәсімі Республика күніне орайластырылған.

7. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

7.1. Үміткерлердің конкурстық құжаттарын қабылдауды және сыйлық алуға ұсынылған портфолионы алдын ала қарауды жүзеге асырады;

7.2. Үміткерлерді іріктейді, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы ұсыныстар енгізеді;

7.3. Сыйлық беру туралы шешім қабылдайды.

8. Комиссия мүшелері сыйлықты алуға ұсынған үміткерлер және олардың конкурстық жұмыстары бойынша:

8.1. Әр үміткер бойынша ашық дауыс беру арқылы сыйлықты жеке беру туралы шешім қабылданады. Үміткерге сыйлық беру үшін отырысқа қатысқандар санынан кемінде $\frac{3}{4}$ дауыс беруі тиіс;

8.2. Әр номинация бойынша жеңімпаздарды анықтау мақсатында комиссия мүшелері сыйлыққа үміткерлерден қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

9. Комиссия отырыстары оның құрамының кемінде $\frac{2}{3}$ бөлігі болған кезде заңды болып саналады.

10. Комиссия әр номинация бойынша 3 номинантты анықтайды. Олардың ішінен комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруімен сыйлықтың лауреаты айқындалады. Комиссияның шешімі қала әкіміне бекітуге беріледі.

11. Конкурстық өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) конкурсқа қатысуға ниет білдірген үміткер ұсынған өтінім осы ережеде көзделген талаптармен және шарттармен конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті қатысушының келісімін білдіру нысаны болып табылады, сондай-ақ бірінші басшының мерімен және қолымен расталған хатпен (заңды тұлға үшін) жіберілуі тиіс;

2) Осы ережеде көзделген талаптарды бұзған жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінім қабылданбайды және тіркелмейді.

12. Қала әкімінің сыйлығына үміткерлерді іріктеу критерийлері:

1) «Жылдың жас маманы» (кәсіби жетістіктері бар азаматтық және мемлекеттік қызметшілер);

2) «Жылдың жас спортшысы» (жас спортшылар, белсенді қатысушылар, өңірлік, өңіраралық, облыстық, республика-

лық, халықаралық спорттық жарыстардың жеңімпаздары);

3) «Отан қорғаушы» (кәсіпқойлығы, ел қауіпсіздігін сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуге белсенді қатысқаны, нәтижесінде адамдардың өмірі мен денсаулығы құтқарылған, қайғылы салдарлардың алдын алған, қылмыс жасауға жол бермеу жөнінде іс-қимылдар жасаған әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының өкілдері және т. б.);

4) «Мемлекеттік тіл-болашағым» (мемлекеттік тілді меңгерген, тіл саясатын дамытуға үлес қосқан өзге ұлт өкілдері);

5) «Жылдың жас педагогі» – білім беру саласындағы жас мұғалім, оқытушы немесе тәрбиеші, облыстық, республикалық және халықаралық кәсіби байқаулардың жүлдегері, форумдар мен білім беру жобаларының қатысушысы, білім беру жүйесінің дамуына үлес қосқан, оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық әдістерін белсенді енгізіп жүрген, кәсіби жетістіктері үшін қоғамдық мойындауға ие болған маман.

6) «Өндірістің жас жұмысшысы» индустриялық (зауыт, фабрика және т. б.), агроөнеркәсіптік (совхоз, құс фабрикасы, шошқа кешені және т. б.), көлік (темір жол, әуеайлақ қызметі және т. б.), энергетикалық (қазандық, электр станциясы), ресурс өндіруші (шахта, карьер және т. б.) немесе құрылыс нысанында технологиялық өндіріс (оның ішінде өнеркәсіптік құрылыс индустриясы) кәсіпорындар қызметкерлерінің (персоналының) бастапқы деңгейдегі қызметшілері;

7) «Жылдың жас кәсіпкері» (қала халқының әлеуметтік осал топтарына барлық қолдау көрсететін және оның өміріне белсенді қатысатын жас кәсіпкер);

8) «Жас денсаулық сақтау қызметкері» (денсаулық сақтау саласына үлес қосқан кәсіби жетістіктері бар қызметкерлер);

9) «Сумен жабдықтау саласының жас маманы» – жоғары кәсіби дайындығын, бастамашылдығын және жауапкершілігін көрсететін жас маман; коммуналдық инфрақұрылым саласындағы жетістіктері үшін қоғамдық мойындауға ие болған адам.

10) «Жылу жабдықтау саласының жас қызметкері» – жоғары кәсіби құзыреттерін, бастамашылдығын және істі жауапкершілікпен атқаратын жас маман, энергетика және коммуналдық шаруашылық саласындағы жетістіктері үшін қоғамдық мойындауға ие болған.

13. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- резюме;
- мемлекеттік органдардан және/немесе мекемелерден, қазақстандық және/немесе халықаралық үкіметтік емес ұйымдардан, бизнес-құрылымдардан, басқа ұйымдардан үміткердің атына ұсыным хаттар;

- 6 фотосурет: 2-стандартты, құжат үшін (3x4), 2 – «жұмыста», 2 – «бос уақытта», фотосуреттер баспа және электронды түрде, JPEG форматында ұсынылуы тиіс;

- «Неге мен «Қыран» сыйлығына лайықпын» тақырыбында эссе. Көлемі-MS Word-та 1 беттен аспайтын баспа мәтіні, Times New Roman шрифті, кегль 14, интервал 1, мемлекеттік немесе орыс тілдерінде («Мемлекеттік тіл – болашағым» номинациясы үшін - мемлекеттік тілде);

- 2022-2025 ж. ж. кезеңінде сіңірген еңбегін растайтын құжаттар (грамоталардың, дипломдардың, сертификаттардың, лицензиялардың, патенттердің көшірмелері, флэш-дискідегі бейне және фотоматериалдар; баспа, телевизиялық және электрондық БАҚ материалдары (газеттерден, журналдардан мақалалардың, жазбалардың үзінділері (немесе олардың көшірмелері); электрондық БАҚ-қа сілтемелер);

- Дауыстық бейнеролик түрінде өзіңіз туралы презентация (ұзақтығы - 3 минуттан аспауы керек);

- Жеке куәліктің көшірмесі және Kaspi Bank-тің 20 таңбалы шоты («Лауреат» атағы берілген жағдайда сыйлықақы төлеу үшін).

Конкурсқа қатысуға өтінімдер (файлдық папкада) 2025 жылдың 20 қазанына дейін «Саран қаласының жастар ресурстық орталығы» КММ, Жамбыл көшесі, 85 а мекенжайы бойынша қабылданады. Анықтама телефонны: 6-17-36, 87054301137 (сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін).

Ескертеміз! Папкалар мен электрондық тасымалдаушылар қайтарылмайды!

Положение на присуждение молодежной премии «Қыран» акима города Сарани

1. Молодежная премия «Қыран» акима города Сарани вручается в целях реализации государственной молодежной политики, стимулирования развития молодежного движения города.

2. Премия присуждается молодым гражданам города в возрасте от 14 до 35 лет за плодотворную научную, творческую, профессиональную и общественную деятельность, получившую признание в молодежной среде, по следующим номинациям:

- 1) «Молодой специалист года»;
- 2) «Молодой спортсмен года»;
- 3) «Защитник Отечества»;
- 4) «Мемлекеттік тіл – болашағым» (для лиц некоренной национальности);
- 5) «Молодой педагог года»;
- 6) «Молодой рабочий производства»;
- 7) «Молодой предприниматель года»;
- 8) «Молодой работник здравоохранения»;
- 9) «Молодой работник сферы водоснабжения»;
- 10) «Молодой работник сферы теплоснабжения».

3. Размер денежного вознаграждения устанавливается комиссией по присуждению молодежной премии «Қыран» акима города Сарани.

Не допускается повторное выдвижение лауреатов прошлых лет. Также к участию в конкурсе на премию акима не допускаются лица, состоящие в близком родстве с членами комиссии по отбору победителей конкурса, в целях обеспечения объективности и прозрачности конкурсного процесса. Кандидат на премию «Қыран» может претендовать только на одну номинацию.

4. Отбор, прием конкурсных документов, обсуждение и принятие решений о представлении к премии осуществляет комиссия по присуждению молодежной премии «Қыран» акима города Сарани.

5. Лицам, удостоенным премии, присваивается звание «Лауреат молодежной премии «Қыран» акима города Сарани», вручаются диплом, денежная премия и памятный подарок для номинантов конкурса.

6. Премия вручается в торжественной обстановке на церемонии награждения, посвященной Дню Республики.

7. Комиссия в соответствии с возложенными на нее обязанностями:

7.1 осуществляет прием конкурсных документов кандидатур и предварительное рассмотрение портфолио, выдвинутых на соискание премии;

7.2 производит отбор кандидатур, вносит предложения о допуске к участию в конкурсе;

7.3 принимает решение о присуждении премии.

8. По кандидатурам и их конкурсным работам, выдвинутым на соискание премии, членами комиссии:

8.1 принимаются решения о присуждении премии открытым голосованием по каждой кандидатуре отдельно. Для присуждения кандидату премии за него должно быть отдано не менее $\frac{3}{4}$ голосов от числа присутствующих на заседании;

8.2 в целях определения победителей по каждой номинации члены комиссии имеют право запрашивать дополнительную информацию у кандидатов на премию.

9. Заседания комиссии считаются правомочными при наличии не менее $\frac{2}{3}$ ее состава.

10. Комиссия определяет не более 3 номинантов в каждой номинации из их числа. Открытым голосованием членов комиссии определяется лауреат премии. Решение комиссии вносится на утверждение акиму города.

11. Требования к оформлению конкурсной заявки:

1) заявка на участие в конкурсе, предоставляемая кандидатом, изъявившим желание участвовать в конкурсе, является формой выражения согласия потенциального участника, претендующего на участие в конкурсе, с требованиями и условиями, предусмотренными настоящим порядком, а также должна сопровождаться письмом, заверенным печатью и подписью первого руководителя (для юридического лица);

2) не подлежат приему и регистрации заявки на участие в конкурсе с нарушением требований, предусмотренных настоящим порядком.

12. Критерии отбора кандидатов на премию акима города:

1) «Молодой специалист года» (гражданские и государственные служащие, имеющие профессиональные достижения);

2) «Молодой спортсмен года» (молодые спортсмены, активные участники, побе-

дители спортивных соревнований: международных, республиканских, областных);

3) «Защитник Отечества» (военнослужащие, сотрудники правоохранительных органов, имеющие поощрения и награды за профессионализм, активное участие в проведении государственной политики в области сохранения безопасности страны, личные достижения, в результате которых спасены жизнь и здоровье людей, предупреждены трагические последствия, предприняты действия по недопущению совершения преступления и др.);

4) «Мемлекеттік тіл – болашағым» (представители некоренной национальности, владеющие государственным языком, внесшие вклад в развитие языковой политики);

5) «Молодой педагог года» – молодой учитель, преподаватель, воспитатель в сфере образования, призер областных, республиканских и международных профессиональных конкурсов, участник форумов и образовательных проектов, внёсший вклад в развитие системы образования, активно внедряющий инновационные методы обучения и воспитания, имеющий общественное признание за достижения в профессиональной деятельности;

6) «Молодой рабочий производства» (работник первичного уровня сотрудников (персонала) технологического производства в форме индустриального (завод, фабрика и др.), агропромышленного (совхоз, птицефабрика, свиноплекс и др.), транспортного (железная дорога, аэродромная служба и др.), энергетического (котельная, электрическая станция), ресурсодобывающего (шахта, карьер и др.) или строительного (в том числе промышленной индустрии) предприятия);

7) «Молодой предприниматель года» (молодой предприниматель, оказывающий всяческую поддержку социально уязвимым слоям населения города и активно участвующий в его жизни);

8) «Молодой работник здравоохранения» (работники, имеющие профессиональные достижения, внесшие вклад в области здравоохранения);

9) «Молодой работник сферы водоснабжения» – молодой специалист, демонстрирующий высокий уровень профессиональной подготовки, инициативность и ответственность; имеющий общественное признание за достижения в сфере коммунальной инфраструктуры;

10) «Молодой работник сферы теплоснабжения» – молодой специалист, демонстрирующий высокий уровень профессиональных компетенций, инициативность и ответственное отношение к делу, имеющий общественное признание за достижения в сфере энергетики и коммунального хозяйства.

13. Документы, необходимые для участия в конкурсе:

- резюме;
- рекомендательные письма на имя председателя комиссии от государственных органов и/или учреждений, неправительственных организаций, бизнес-структур, спортивных и творческих организаций РК;

- 6 фотографий: 2 - стандартные, для документа (3x4), 2 - «в работе», 2 - «в свободное время», фотографии должны быть представлены в печатном и электронном виде, в формате JPEG;

- эссе на тему: «Почему я достоин (-а) премии «Қыран». Объем – не более 1 страницы печатного текста в MS Word, шрифт Times New Roman, кегль 14, интервал 1, на государственном или русском языках (для номинации «Мемлекеттік тіл – болашағым» - на государственном языке);

- документы, подтверждающие заслуги в период 2022-2025 г.г. (копии грамот, дипломов, сертификатов, лицензий, патентов, видео и фотоматериалы на флешке; материалы из печатных, телевизионных и электронных СМИ (вырезки статей, заметок из газет, журналов (или их копии); ссылки на электронные СМИ);

- Презентация о себе в виде видеоролика с озвучкой (продолжительность - не более 3 минут);

- Копия удостоверения личности и 20 - значный счет Каспи банка (в случае присвоения звания «Лауреат» для выплаты премии).

Заявки на участие в конкурсе принимаются (в файловой папке) до 20 октября 2025 года по адресу: ул.Жамбыла, 85 А, КГУ «Молодежный ресурсный центр города Сарани». Телефон для справок: 61736, 87054301137 (с 09.00 до 18.00 часов).

Предупреждаем! Папки и электронные носители не возвращаются!

Саран қаласының жер учаскелеріне жария сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1-тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Саран қаласының аумағында орналасқан жалпы алаңы 92,2000 га жер учаскелеріне мыналарды төсеу үшін:

- орташа қысымды тарату газ құбыры: ұзындығы 25,0 км, құрылыс жолағының ені 4 м, алаңы 10,0 га;

- төмен қысымды тарату газ құбыры: ұзындығы 205,0 км, құрылыс жолағының ені 4 м, алаңы 82,0 га;

- шкафты бөлу пункті - 97 бірлік, алаңы 0,200 га жер учаскесіне 5 (бес) жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін;

2. «Саран қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (О. Кадырканов) осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары Д.Б. Арнешевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласының әкімі

Д. Бұлқайыр

Об установлении публичного сервитута на земельные участки города Сарани

В соответствии с подпунктом 5-1 статьи 18, пунктом 4 статьи 69 Земельного кодекса Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Сарани **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить публичный сервитут Государственному учреждению «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Карагандинской области», сроком на 5 (пять) лет на земельные участки, расположенные на территории города Сарани, общей площадью 92,2000 га, для прокладки:

- распределительного газопровода среднего давления: протяженность 25,0 км, ширина строительной полосы

4 м, площадью 10,0 га;

- распределительного газопровода низкого давления: протяженность 205,0 км, ширина строительной полосы 4 м, площадью 82,0 га;

- шкафного распределительного пункта - 97 единиц, площадью 0,200 га;

2. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений города Сарани» (О. Кадырканов) принять соответствующие меры, вытекающие из настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Сарани Д. Арнешева.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким города Сарани

Д. Бұлқайыр

Ақтас кентінің жер учаскелеріне жария сервитут белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 5-1-тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Саран қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Саран қаласының аумағында орналасқан жалпы алаңы 6,88 га жер учаскелеріне мыналарды төсеу үшін:

- орташа қысымды тарату газ құбыры: ұзындығы 6,0 км, құрылыс жолағының ені 4 м, алаңы 2,4 га;

- төмен қысымды тарату газ құбыры: ұзындығы 28,118 км, құрылыс жолағының ені 4 м, алаңы 11,2 га;

- шкафты бөлу пункті - 39 бірлік, алаңы 0,008 га жер учаскесіне 5 (бес) жыл мерзімге жария сервитут белгіленсін;

2. «Саран қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (О. Кадырканов) осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Саран қаласы әкімінің орынбасары Д.Б. Арнешевке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Саран қаласының әкімі

Д. Бұлқайыр

Об установлении публичного сервитута на земельные участки поселка Актас

В соответствии с подпунктом 5-1 статьи 18, пунктом 4 статьи 69 Земельного кодекса Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Сарани **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Установить публичный сервитут Государственному учреждению «Управление энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Карагандинской области», сроком на 5 (пять) лет на земельные участки, расположенные на территории города Сарани, общей площадью 6,88 га, для прокладки:

- распределительного газопровода среднего давления: протяженность 6,0 км, ширина строительной полосы 4 м,

площадью 2,4 га;

- распределительного газопровода низкого давления: протяженность 28,118 км, ширина строительной полосы 4 м, площадью 11,2 га;

- шкафного распределительного пункта - 39 единиц, площадью 0,008 га;

2. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений города Сарани» (О. Кадырканов) принять соответствующие меры, вытекающие из настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Сарани Д. Арнешева.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким города Сарани

Д. Бұлқайыр

Саран қалалық сайлау комиссиясының хабарламасы

Құрметті Саран қалалық мәслихатының депутатын сайлау бойынша № 8 сайлау округінің сайлаушылары!

Саран қалалық сайлау комиссиясы Саран қаласының учаскелік сайлау комиссияларының телефон нөмірлерін хабарлайды, олар бойынша 2025 жылғы 26 қазанға тағайындалған, Саран қалалық мәслихатының шығып қалған депутатын сайлау бойынша № 8 сайлау округінде тұратын дауыс беруге қатысуға құқығы бар азаматтар сайлаушылар тізімінде өздерін тексере алады:

Учаске №	Сайлау учаскесінің орталығы	Сайлау учаскесіндегі телефон нөмірі
№ 247	Орталығы: «Саран техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Саран қаласы, Кольцевая көшесі, 12 үй.	73487
№ 248	Орталығы: «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Қарағанды облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесі № 24 өрт сөндіру бөлімі, Саран қаласы, Шахтерская көшесі, 6а үй.	32069

Саран қалалық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 27 тамыздағы № 43/55 «Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының № 8 бір мандатты сайлау округі бойынша шығып қалған депутатының орнына сайлауды тағайындау туралы» қаулысына сәйкес «Саран қаласы әкімінің аппараты» ММ-де округ тұрғындарының дауыс беруге қатысуға құқығы бар азаматтар тізіміне енгізілуін тексеру бойынша Call-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды.

Әрбір азамат өз учаскесін нақтылау бойынша кеңес алу үшін Call-орталыққа жүгіне алады және өзінің тізімге енгізілуін күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін 7-40-07 телефоны арқылы тексере алады.

Сіз тізімдегі өзіңіз туралы деректерді арнайы құрылған sailau09.kz сайтында және өзіңіздің сайлау учаскенізде тексере аласыз.

Саран қалалық сайлау комиссиясы

Сообщение

Саранской городской избирательной комиссии

Уважаемые избиратели избирательного округа № 8 по выборам депутата Саранского городского маслихата!

Саранская городская избирательная комиссия сообщает номера телефонов участковых избирательных комиссий города Сарани, по которым граждане, проживающие в избирательном округе № 8 по выборам депутата Саранского городского маслихата вместо выбывшего, назначенных на 26 октября 2025 года, имеющие право участвовать в голосовании, могут проверить себя в списках избирателей:

№ участка	Центр избирательного участка	Номер телефона на избирательном участке
№ 247	Центр: коммунальное государственное учреждение «Саранский технический колледж», город Сарань, улица Кольцевая, дом 12.	73487
№ 248	Центр: государственное учреждение «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ Департамента по чрезвычайным ситуациям Карагандинской области Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан» Пожарная часть № 24, город Сарань, улица Шахтерская, дом 6а.	32069

В соответствии с постановлением Саранской городской избирательной комиссии от 27 августа 2025 года № 43/55 «О назначении выборов депутата Саранского городского маслихата Карагандинской области по одномандатному избирательному округу № 8 вместо выбывшего» в ГУ «Аппарат акима города Сарани» организована работа Call-центра по проверке включения жителей округа в список граждан, имеющих право участвовать в голосовании.

Каждый гражданин может обратиться в Call-центр за консультацией по уточнению своего участка и проверить свое включение в список по телефону 7-40-07 ежедневно с понедельника по пятницу с 09.00 по 18.30 часов, с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов.

Проверить данные о себе в списке можно на специально созданном сайте sailau09.kz. и на своем избирательном участке.

Саранская городская избирательная комиссия

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметтерін көрсету туралы арналған № 1 ашық шарты

«SaranTeploService» ЖШС жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын бас директор Балаубаев Салжан Қанатұлы және жылу энергиясын алатын тұрмыстық тұтынушы (Қарағанды облысының Саран қаласының халқы) тұлғасында, бұдан әрі "тұтынушы" деп аталатын, екінші жағынан «Тараптар» деп аталатын, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - шарт) жасасты 1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар 1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: есеп айырысу кезеңі – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай); жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Тұтынушының Өнім беруші берген төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемақысы;

жылумен жабдықтау жүйесі – жылу өндіру, жылу беру және жылуды тұтыну құрылғыларынан тұратын жиынтық;

жылу тұтыну құрылғысы – жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылығы; жылу желісі – жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтығы; жылу жеткізгіш – жылу энергиясын беруге арналған жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланылатын зат (су);

жылу энергиясы – тұтыну кезінде жылу жеткізгіштің термодинамикалық параметрлері (температура, қысым)

өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

өнім беруші – сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым; тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу тұтынатын құрылғылардың және/немесе желінің теңгерімдік тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын жылу тұтынатын құрылғыларды және/немесе тараптар желілерін бөлу нүктесі (сызығы), көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының кіріс ысырмаларының бірінші бөлу фланеці бойынша айқындалады (эле-ватор, қақпақ қлапаны);

теңгерімдік тиесілік шекарасы – жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынушы арасындағы, сондай-ақ Тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу желісін бөлу нүктесі; төлем құжаты – Өнім беруші есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен - оның негізінде Тұтынушы тұтынған жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы – реттеліп көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға; уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. «Жеткізуші» «Тұтынушыға» жылыту маусымы кезінде тәулік бойы жылу энергиясын беруді көр-

сетеді. Шарттың алдындағы міндетті шарттар:

- объектінің жылу энергиясын қабылдауға техникалық дайындығы актісінің болуы.

Қажет болған жағдайда Шарт алдындағы міндетті талаптар Шартқа жеке қосымшамен ресімделеді. 3. Өнім беруші Тұтынушыға энергия беруші ұйымдардың қосылған желісі арқылы жылу энергиясын беруге міндеттенеді. Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілігінің шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс. Өнім беруші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.3-тарау. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

4. Өнім беруші жылу энергиясын босатуды, тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, үздіксіз жүргізеді.

5. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін, алынған техникалық шарттардағы мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан асырмай, бірақ Шартта көрсетілгеннен асыруына Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

6. Тұтынушы Өнім берушіге Шартта айқындалған талаптармен жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимі мен осы Шартта көзделген басқа талаптарды сақтауға міндеттенеді.

7. Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10234 болып тіркелген) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында және осы Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде мынадай:

1) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну құрылғыларының қанағаттанарлықсыз жай-күйі авария қаупін туғызатын немесе азаматтардың өмірлері мен қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін жағдайда, Тұтынушыны міндетті түрде хабардар ете отырып және толық жеткізілмеген жылу энергиясы үшін кейін қайта есеп айырысу жүргізумен;

2) жылу тұтыну құрылғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына олардың техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің және Мемлекеттік энергетикалық бақылау өкілдерін жібермеген жағдайда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертумен;

3) осы Шарттың 8-тармағында көзделген жағдайларда, Тұтынушыға кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

4) жылу тұтыну құрылғылары жүйелерін есепке алу аспаптарын орнату орнына дейін қосқан жағдайда;

5) жылу желісіне жаңа қуаттарды өздігінен қосқан жағдайда;

6) тараптардың арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда;

7) жылу тұтыну құрылғыларының және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмыс істеуінің техникалық дайындығы актісіз жылу желілеріне қосылған және Тұтынушыда (тұрмыстық тұтынушылардан басқа) тиісті дайын-

далған персонал және жылу тұтыну құрылғыларының қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істеуіне жауапты адамды тағайындау немесе осындай қызмет түрімен айналысуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен қызмет көрсетуге шарт болмаған жағдайда;

8) егер тараптардың келісімдерінде өзгеше көзделмесе, шартта көзделген конденсат көлемін 30 %-дан кем қайтарған жағдайда тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

9) авариялық жағдайда тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

